

№ 424/НҚ от 22.09.2023

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
төрағасының
«__» _____ 202__ жылғы
№__ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы,

2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талап қоюшы және жауапкер болуға міндетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

3. Серіктестіктің өз атауы бар бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

4. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Серіктестік өзінің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде серіктестіктің атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі серіктестіктің құрылтайшысы болып табылады.

7. Серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 857 қаулысына сәйкес және тиісті қабылдау-тапсыру актісі негізінде Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – жалғыз қатысушы) жүзеге асырады.

2-тарау. Серіктестіктің атауы және орналасқан жері және мекенжайы

8. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью

«Институт космической техники и технологий»;

3) ағылшын тілінде: «Institute of space technique and technology» Limited liability partnership.

9. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «ҒТТИ» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «ИКТТ»;

3) ағылшын тілінде: LLP «ISTT».

Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері: 050063, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Кисловодская көшесі, 34 үй.

10. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмейді.

3-тарау. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері

11. Серіктестіктің негізгі мақсаты осы Жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу болып табылады.

12. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) шұғыл шақыру жүйесін пайдалану;

2) шұғыл шақыру жүйесін құру және дамыту жөніндегі жобаны басқару;

3) шұғыл шақыру жүйесінің аппараттық-бағдарламалық кешеніне жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

4) шұғыл шақыру жүйесінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету;

5) шұғыл шақыру жүйесінде шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысын тіркеу және есепке алу;

6) абоненттерді сәйкестендіру карталарын шығару;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарды сақтау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында және (немесе) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органда айқындалған тәртіпке сәйкес навигациялық спутниктік жүйелерді пайдалана отырып, Халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тасымалдаушыларға электрондық сәйкестендіргіштерді (навигациялық пломбаларды) пайдалана отырып, Халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалау жөніндегі қызметтерді ұсыну.

13. Серіктестік лицензия негізінде жекелеген қызмет түрлерімен айналыса алады, олардың тізбесі заңнамалық актілермен айқындалады.

4-тарау. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері

14. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен серіктестіктің істерін басқаруға қатысу;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу және серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алу;

4) серіктестік таратылған жағдайда оның мүлкінің кредиторлармен есеп айырырудан кейін қалған серіктестік мүлкіндегі үлесіне сәйкес келетін бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтату;

6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) серіктестік жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға.

15. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының Заңда және серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

16. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Серіктестік Жарғысының талаптарын сақтау;

2) серіктестіктің жарғылық капиталына Заңда және серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде салымдар енгізуге;

3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеу;

4) атқарушы органға осы Жарғының 15-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға.

5) Серіктестіктің жалғыз қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқара алады.

5-тарау. Серіктестік органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті

17. Серіктестіктің органдары:

1. Серіктестік органдары:

1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің Бақылау кеңесі (бұдан әрі – Бақылау кеңесі);

3) ревизиялық комиссия (ревизор);

4) атқарушы орган – Серіктестіктің директоры (бұдан әрі – Директор) болып табылады.

6-тарау. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы

18. Жалғыз қатысушы серіктестіктің қызметін жеке өзі басқарады, осы Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушы қабылдайтын шешімдер жазбаша ресімделеді.

19. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) серіктестіктің жарғысын өзгерту, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда немесе серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін немесе атқарушы органның жекелеген мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау;

3) серіктестіктің Байқау кеңесінің және (немесе) тексеру комиссиясының (ревизорының) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

5) серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

6) серіктестіктің жарғысымен бекітілуі серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

7) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

8) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

9) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

10) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

11) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;

12) серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

13) серіктестік қатысушыларына және сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпарат үлестерін беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

14) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мәміле жасасуын немесе нәтижесінде серіктестік құны баланстың жалпы мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау.

7-тарау. Бақылау кеңесі

20. Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушының шешімімен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Бақылау кеңесі құрылады.

21. Бақылау кеңесі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

22. Бақылау кеңесі бес жылдан аспайтын мерзімге жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын құрамда құрылады. Серіктестіктің қызметкерлері Бақылау кеңесінің мүшелері бола алмайды.

23. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің құрамына Жалғыз қатысушының және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері кіреді. Бақылау кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелеріне, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғаларға сыйақы төленбейді.

24. Бақылау кеңесінің төрағасы Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен Бақылау кеңесі мүшелерінен сайланады.

25. Бақылау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің және оның Жалғыз қатысушысының мүдделері үшін әрекет етуге міндетті.

26. Бақылау кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;
2) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және Серіктестіктің есепті кезеңінің қорытындылары бойынша алған таза табысын бөлу тәртібі туралы Жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу;

3) Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Жалғыз қатысушының қарауына енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

5) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;

6) осы Жарғының 6-тарау 19-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды алдын ала мақұлдау;

7) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесін бекіту;

8) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

9) Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, белгіленген тәртіппен атқарушы орган әзірлеген және ұсынған мерзімде бекіту;

10) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

11) Жалғыз қатысушы және Бақылау кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;

12) Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Бақылау кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құру, оның өкілеттік мерзімін, құзыреті мен қызмет тәртібін айқындау, комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ

оның лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, есептерді және қызметті бағалау нәтижелерін қарау;

14) заңнамада және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер;

27. Бақылау кеңесінің отырыстарына оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Бақылау кеңесінің отырысына қатыспаған Бақылау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

28. Бақылау кеңесінің төрағасы Бақылау кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Бақылау кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларға төрағалық етеді және отырыстардың хаттамаларына қол қояды және Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылайды.

29. Бақылау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Бақылау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Бақылау кеңесінің төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

30. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беруден қалыс қалған немесе қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Бақылау кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздемені Бақылау кеңесінің хатшысы Бақылау кеңесінің шешіміне қоса тіркейді.

31. Бақылау кеңесі төрағасының қалауы бойынша Бақылау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

32. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің хатшысы Бақылау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Серіктестіктің Бақылау кеңесі отырысының хаттамасын беруге және (немесе) оған Серіктестіктің Бақылау кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестік мөрінің бедерімен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірме беруге міндетті.

33. Бақылау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Бақылау кеңесінің шешімі бойынша Бақылау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

34. Бақылау кеңесі қажеттілігіне қарай, алайда тоқсанына кемінде бір рет Бақылау кеңесі төрағасының, Бас директордың немесе Бақылау кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады. Шақыру Бақылау кеңесінің төрағасына шақыру туралы жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

35. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Бақылау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын ұсынылады.

36. Бақылау кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер бұл туралы шешім отырысқа қатысушы Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданса, Жалғыз қатысушының қарауына өз бастамасы бойынша шығаруға құқылы.

8-тарау. Ревизиялық комиссия (ревизор)

37. Серіктестіктің атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін ревизиялық комиссия құрылуы мүмкін.

Ревизиялық комиссия, егер оның мүшелерінің көп саны Серіктестіктің Жарғысында көзделмесе, құрамы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

38. Серіктестіктің ревизиялық комиссиясын немесе жеке-дара ревизорын жалпы жиналыс Серіктестіктің Жарғысында белгіленген, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

39. Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері бір мезгілде ревизиялық комиссияның мүшелері (ревизор) бола алмайды.

40. Ревизиялық комиссия (ревизор) кез келген уақытта атқарушы органның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссия (ревизор) осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Ревизиялық комиссияның (ревизордың) талабы бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

41. Ревизиялық комиссия (ревизор) Серіктестіктің қаржылық есептілігін оларды Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексереді. Жалғыз қатысушы қаржылық есептілікті ревизиялық комиссияның (ревизордың) қорытындысынсыз немесе аудиторлық есепсіз бекітуге құқылы емес.

42. Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизордың) жұмыс тәртібі осы Жарғыда, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

9-тарау. Директор

43. Серіктестіктің атқарушы органы Жалғыз қатысушыға есеп беретін және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Директор болып табылады. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің Директорын тағайындаған кезде онымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

44. Серіктестіктің Директоры Серіктестіктің мүдделерін білдіреді және Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің атынан Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, заңнамада, Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалған барлық іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

45. Серіктестіктің Директорының өкілеттігі:

- 1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді, сондай-ақ

бұйрықтар шығарады Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Бақылау кеңесіне ұсынады;

3) Серіктестік атынан мәмілелер жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестік атынан шарттардың барлық түрлерін, оның ішінде қызмет түрлері бойынша шарттар жасасады және бұзады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі Серіктестік атынан шарттар жасасады және оны бұзады;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым қызметінің төлем мөлшерін айқындау;

6) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекітеді;

7) Серіктестіктің бекітілген Даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық жоспарын бекітеді;

8) Серіктестіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, олармен еңбек шарттарын жасайды және бұзады, міндеттерін бөледі, Серіктестік қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды, Серіктестіктің қызметкерлерін лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

9) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілік көтереді;

10) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен жарлықтар шығарады;

11) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;

12) Серіктестіктің бекітілген ұйымдық құрылымы және Серіктестікті дамыту жоспары шеңберінде Серіктестіктің штат кестесін бекітеді;

13) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын Серіктестіктің Бас директорының орынбасарына жүктейді, Серіктестіктің Бас директорының орынбасары болмаған жағдайда тиісті бұйрық шығару арқылы Серіктестік қызметкеріне жүктейді;

14) Жалғыз қатысушының немесе Бақылау кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

46. Директордың уәкілеттік мерзімін Жалғыз қатысушы айқындайды, алайда ол 5 (бес) жылдан аспауы тиіс.

10-тарау. Қаржылық есептілік, есепке алу құжаттамасы және аудит

47. Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын, сондай-ақ істердің ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Серіктестік жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

48. Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін бекіту Жалғыз қатысушының шешімімен жүргізіледі.

49. Серіктестіктің қаржылық есептілігінің аудиті Жалғыз қатысушының бастамасы бойынша да жүргізілуі мүмкін.

49.1. Егер Серіктестіктің атқарушы органы аудит міндетті болған кезде немесе оның жүргізілуін Жалғыз қатысушы талап еткен кезде Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит Серіктестіктің кез келген мүдделі тұлғасының немесе Жалғыз қатысушысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

49.2. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтау үшін заңнамаға сәйкес жауапкершілік көтереді.

11-тарау. Серіктестіктің жалғыз қатысушысына, сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

50. Серіктестік өзінің жалғыз қатысушысының (үлесті сатып алушылардың) талабы бойынша серіктестіктің жалғыз қатысушысының (үлесті сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

51. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының (үлестерін сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын ақпарат деп танылады:

1) серіктестіктің жалғыз қатысушысы, атқарушы органы, ревизоры қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) баланстық құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын серіктестіктің мүлкі нәтижесінде жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

3) серіктестіктің жарғысына сәйкес Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

52. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты осы серіктестіктің жалғыз қатысушысына серіктестіктің атқарушы органына ақпарат беру туралы жалғыз қатысушы жазбаша өтініш берген күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беруге міндетті.

53. Үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру серіктестіктің жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты беру тәртібі мен көлемі жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

Серіктестік осы серіктестіктің үлестерін сатып алушыларға өз қызметі

туралы ақпаратты алдын ала шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беруге міндетті.

54. Серіктестіктің оның қызметіне қатысты құжаттары серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе оның жарғысында айқындалған өзге де орында оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде серіктестіктің сақтауына жатады.

Келесі құжаттар сақтауға жатады:

- 1) серіктестіктің жарғысы, серіктестіктің жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) жалғыз қатысушының шешімдері;
- 3) серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 4) серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
- 5) серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 6) Байқау кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар (ол құрылған жағдайда), Байқау кеңесі отырыстарының (сырттай отырыстар шешімдерінің) хаттамалары;
- 7) атқарушы орган отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары.

55. Серіктестік серіктестіктің жалғыз қатысушысын (үлестерін сатып алушыларды) хабардар етуге міндетті:

- 1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы;
- 2) серіктестікке қатысушының үмітсіз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық жасауы туралы.

56. Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

57. Жалғыз қатысушының талабы бойынша серіктестік оған серіктестіктің жарғысында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

12-тарау. Серіктестіктің жарғылық капиталының мүлкі мен мөлшері

58. Серіктестіктің мүлкі серіктестіктің жалғыз қатысушысының салымдары, Серіктестік алған кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

59. Серіктестіктің жарғылық капиталы 341 471 819 (үш жүз қырық бір миллион төрт жүз жетпіс бір мың сегіз жүз он тоғыз) теңгені құрайды.

Серіктестіктің жарғылық капиталы толық мөлшерде төленді.

Жарғылық капиталға салымдар ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық, өзге де мүлік болуы мүмкін.

60. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту және азайту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып және тәртіппен жүзеге асырылады.

13-тарау. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

61. Серіктестік жалғыз қатысушының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

62. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

14-тарау. Қорытынды ережелер

63. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған сәтте тоқтатылады. Айналысуға рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алынған сәттен бастап туындайды және ол алынған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Аэроғарыш комитетінің төрағасы

Б. Оралмагамбетов

Согласовано

21.09.2023 12:58 Абылкасымова Тахира Какимоллаевна

21.09.2023 13:25 Смаилова Г. С.

21.09.2023 19:32 Казкенов Алан Аманжолович

Подписано

21.09.2023 20:57 Ибраев Е. К. ((и.о Оралмагамбетов Б.Ж.))

